

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру»  
акционерлік қоғамы акционерлерінің кезектен тыс жалпы  
жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы  
ХАТТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр д-лы, 17 мекенжайында орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 2018 жылғы 12 наурызда, 10 сағат 00 минутта Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй мекенжайындағы 3-қабаттағы акт залында өткізілді.

Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері: Басқарма, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй.

Қоғамның Жиналысына мыналар қатысты:

1. 43 087 006 жай акцияның иесі – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-тан «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндірісті оңтайландыру департаменті директорының орынбасары Дамир Данилбекұлы Теберіков қатысты (2018 жылғы 18 қаңтардағы №113-37 сенімхат бойынша);

2. Deutsche Bank Trust Company Americas («ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ АДҚ депозитарийі), 102 508 АДҚ-ні құрайтын 17 084 жай акцияны білдіретін Айжан Айтбайқызы Аманжолова қатысты (2018 жылғы 27 ақпандағы сенімхат бойынша).

Қорытынды: Жиналысқа қатысу және онда дауыс беру құқығы бар, жиынтықта Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының 75,5 %-не иелік ететін акционерлердің 2 өкілі тіркелді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Жиналысты өткізу және оның күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының отырысында дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша Қоғамның есеп комиссиясы дауыс берудің мынадай қорытындыларын шығарды:

**1. Қоғам Жиналысының төрағасын сайлау туралы.**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:** «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атқарушы вице-президенті – қаржы директоры Дәурен Сапаралыұлы Қарабаев Қоғам Жиналысының төрағасы болып сайлансын.

**2. Жиналыстың хатшысын сайлау туралы.**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:** Қоғамның корпоративтік хатшысы Сәкен Бахытжанұлы Шошанов Қоғам Жиналысының хатшысы болып сайлансын.





### 3. Жиналыста дауыс беру тәртібі мен нысанын белгілеу туралы.

#### Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:** Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы 50-бабының 1-тармағына сәйкес дауыс берудің тәртібі; Қоғамның Жиналысында күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс берудің нысаны – ашық тәсіл болып белгіленсін.

### 4. Жиналыс жұмысының регламентін белгілеу туралы:

#### Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:** Қоғам Жиналысы жұмысының мынадай регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша баяндамашыларға он минут, пікір-таласқа қатысушыларға бес минут, есеп комиссиясына дауыстар санын есептеуге жеті минут берілсін.

### 5. Күн тәртібін бекіту туралы:

#### Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 43 104 090 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Жиналыстың мынадай күн тәртібі бекітілсін:

- 1) Лондондық қор биржасының (London Stock Exchange) ресми тізімінен Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) туралы;
- 2) Қазақстандық қор биржасының (KASE) ресми тізімінен Қоғамның жай акциялары мен ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) туралы;
- 3) жаңа редакциядағы Қоғамның Жарғысын бекіту туралы.

**6. Жиналыстың күн тәртібінің «Лондондық қор биржасының (London Stock Exchange) ресми тізімінен Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) туралы» бірінші мәселесі бойынша.**

#### Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 43 088 257 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - 15 833 дауыс.

**Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:**

Лондондық қор биржасының (London Stock Exchange) ресми тізімінен Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) бекітілсін.





7. Жиналыстың күн тәртібінің «Лондондық қор биржасының (London Stock Exchange) ресми тізімінен Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) туралы» екінші мәселесі бойынша.

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 43 088 257 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - 15 833 дауыс.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:

Қазақстандық қор биржасының (KASE) ресми тізімінен Қоғамның жай акциялары мен ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) бекітілсін.

8. Жиналыстың күн тәртібінің «Жаңа редакциядағы Қоғамның Жарғысын бекіту туралы» үшінші мәселесі бойынша.

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 43 088 257 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - 15 833 дауыс.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:

жаңа редакциядағы Қоғамның Жарғысы бекітілсін.

Есеп комиссиясының мүшелері:

\_\_\_\_\_

Л. Нұрмағамбетова

\_\_\_\_\_

А. Әлиақпарова

\_\_\_\_\_

Ш. Искаков